

Jusan Analytics- тің секторлар скорингі

2022 Маусым

Jusan Analytics-тің секторлар скорингі

Jusan Analytics командасы еліміздің өнеркәсіп саласының маңызды, жетекші бағыттарын анықтауға арналған аддитивті (қосылғыштардан құралатын) модельді әзірлеп шығарды. Скоринг (бағалау) өнеркәсіптің анағұрлым өміршең, тиімді сегменттерін анықтауға мүмкіндік береді және сол арқылы отандық өндірістің артта қалған аутсайдер-секторларын анықтап, соларға қатысты шешілуі тиіс мәселелерді айқындауға болады.

Әдіснама

Өнеркәсіп саласының ішкі секторлары бірегей 10 өлшемшартпен бағаланады. Бұл ретте ішкі сектор Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) құрылымының алғашқы екі мәнімен белгіленеді.

1. Әрбір өлшемшарт коэффициентпен белгіленеді. Ал коэффициент Ұлттық Статистика Бюросының (ҰСБ) деректерін қолдана отырып есептеледі. Есептеу барысында біз 2018-2020 жылдар кезеңіне тиесілі орташаланған мәндерді пайдаландық.

2. Ішкі сектордың әрбір өлшемшарты бойынша алынған нәтиже тиісті сектордың көрсеткішімен салыстырылады. Кейін әрбір ішкі секторға 0-ден 3-ке дейін балл беріледі:

- **3 балл:** ішкі сектор 2018-2020 жылдары тиісті сектордың максималды мәнінен асып түсті;
- **2 балл:** ішкі сектор тиісті сектордың орташа мәнінен асып түсті;
- **1 балл:** ішкі сектор тиісті сектордың орташа мәнінен аса алмады;
- **0 баллов*:** ішкі сектор теріс нәтиже көрсетті.

3. Өлшемшарт бойынша берілген балл оның секторлар бағаланымындағы үлесіне көбейтіледі. Әрбір өлшемшарттың талабы бірдей. Өйткені әрбір өлшемшарт жалпы өндірістің және өнеркәсіп саласының дамуына бірегей үлес қосады.

4. Барлық өлшемшарттар бойынша нәтижелер жинақталып, ішкі секторға балл беріледі - ол жоғары болған сайын, ішкі сектордың дәрежесі де жоғары бола түседі

* коэффициент бойынша деректер жоқ болған жағдайда 0 балл да беріледі



Секторларды бағалау өлшемшарттары

1 кесте: Секторларды бағалау өлшемшарттары

Өлшемшарттар	Үлес салмағы	Коэффициент	Бағыт
Даму үрдісі	10.0%	Атаулы өндірістің өсімі	▲
Дамудың болжамдығы	10.0%	ЖІӨ-нің өзгеруіне ішкі сектордың үн қосуы	▲
Инвестициялық белсенділік	10.0%	Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі	▲
Табыстылық	10.0%	Таза пайданың маржасы	▲
Борыштық жүктеме	10.0%	Негізгі капиталды қаржыландыруға жұмсалған қарыз ақшаның үлесі	▼
Импортпен бәсекелесу	10.0%	Тұтыну сұранысында импорттың алар үлесі	▼
Шикізат жағынан импортқа тәуелділік	10.0%	Импорттың өндіріс барысында алар үлесі	▼
Операциялық тиімділік	10.0%	Мамандандырылған қуат көздерін пайдалану	▲
Өзіндік құн инфляциясы	10.0%	Өндіруші кәсіпорындар бағасының өсуі	▼
Экспортқа бағдарлану	10.0%	Тұтыну сұранысында экспорттың алар үлесі	▲

№1 Даму үрдісі

Әрбір ішкі сектордың даму үрдісін белгілеу үшін біз атаулы өндірістің орташа өсімінің мәнін қолдандық. Оның көлемінің артуы осы саланың даму дәрежесі мен өнеркәсіптік әлеуетін көрсетеді. Өнімді шығару қарқынының тұрақты артуы түпкілікті өнімнің қажеттілігін және оған деген сұраныстың бар екендігін көрсетеді. Неге десеңіз, нарықтық экономика жағдайында ұсыныс көлемі мен экономикалық агенттердің ұтымды әрекеті қашанда сұранысты білдіреді. Міне, бұл өнеркәсіп саласының дамуында оң серпін бар екендігін көрсетеді және бүкіл экономиканың: оның құрылымы мен даму келешегінің көрсеткіші қызметін атқара алады.

Металл кендерін өндіру - бастапқы секторда ең жоғары даму үрдісі қалыптасқанын паш етті.

2020 жылы өндіру көлемі 2 256.2 млрд теңгені құрады. Бұл бұрнағы жылмен салыстырғанда 18.2%-ға жоғары. Ал мыс кенін өндіру негізгі драйверге (жетекші, алға тартушы күшке) айналды. Оның өндіру бойынша орташа өсімі жылына 22.7% деңгейінде қалыптасты. 2020 жылы ішкі секторда өндіру үлесі 36.8%-ды құрады.


Екінші деңгейдегі сектордың көшбасында өзге де дайын бұйымдарды өндірісі орналасты. Мұнда жоғары өсім медициналық құралдар, аппараттар мен жабдықтар өндірісінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Талдауға алынған кезеңде бұл тауарлардың орташа жылдық шығарылымы 75.7%-ды құрады. Ішкі секторда өндірістің үлесі 30.8%-ға жетті.

2 кесте: Атаулы өндірістің өсімі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Орташа өсім	Балл
Металл кендері		23.9	0.2
Өзге пайдалы қазбалар		8.4	0.2
Көмір		5.2	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		0.5	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		0.3	0.1
Кен өндіру секторы		3.3	
Басқа да дайын бұйымдар		42.5	0.3
Темекі бұйымдары		31.8	0.3
Фармацевтика		26.5	0.3
Машина жасау		22.7	0.3
Жеңіл өнеркәсіп		13.7	0.2
Басқа да металл емес минералды өнімдер		13.1	0.2
Химия өнеркәсібі		13.0	0.2
Сусындар		12.5	0.2
Металлургиялық өндіріс		11.6	0.1
Тамақ өнімдері		8.8	0.1
Жиһаз		8.2	0.1
Қағаз және қағаз өнімдері		7.9	0.1
Дайын металл өнімдері		7.6	0.1
Ағаш және тығын бұйымдары		7.2	0.1
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		6.3	0.1
Режеңке және пластмасса бұйымдары		4.8	0.1
Полиграфиялық қызмет		0.9	0.1
Өңдеуші сектор		12.1	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есентері

**Атаулы өндірістің өсімі, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор*



*Ішкі секторлардың топ-5 көрсетілген
Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

№2 Дамудың болжамдығы

Ішкі сектордың дамуына қатысты болжам жасауға болатындығын түсіну - оның жалпы экономикалық жағдайлардың өзгеруіне үн қосуын бағалау қызметін атқарады. Біз өлшемшартты есептеу үшін ЖІӨ-нің (Бета-коэффициент) өзгеруіне ішкі сектор шығарылымының үн қосу дәрежесін бағалауды қолдандық. Бета-коэффициент көрсеткіші ішкі секторға тиесілі жалпы қосылған құнның өсімі мен еліміздің ЖІӨ арасында тәуелділік бар екендігін білдіреді. Есептелген коэффициент экономика оң сипатта дамыған жағдайда ішкі сектор шығарылымының қаншалықты өсетіндігін көрсетеді. Бета-коэффициент көрсеткішінің төмен болуы саланың дамуы біркелкі тұрақты екендігін және бизнес душар болуы мүмкін күтпеген тәуекелдер деңгейінің төмен екендігін білдіреді. Ал коэффициенттің жоғары болуы экономиканың өсуіне сектор тарапынан үн қосушылық, сезімталдық ерекше жоғары екендігін көрсетеді. Бұл қысқа мерзімді жақсы кезеңде сектордың жоғарғы өсімін білдіруі мүмкін. Ал ұзақ мерзімді келешекте және экономикалық ахуал нашарланған кезде керісінше жағымсыз әсер етуі ықтимал.

Бастапқы секторда көш басына металл кендерін өндіру бойынша ішкі сектор көтерілді. 2020 жылы жалпы қосылған құнның (ЖҚҚ) көлемі 2 611.0 млрд теңгеге жетіп, ел экономикасында ЖІӨ-нің 3.7%-ын құрады. Бұл ретте ішкі сектордың ЖҚҚ құрылымының негізгі бөлігі еңбекақы төлеу жүйесіне тиесілі. Талдауға алынған кезеңде құрамдаушы бөліктің орташа үлесі ЖҚҚ көлемінің 48.6%-ын құрады.

Екінші деңгейдегі секторда даму болашағына қатысты айқын болжам жасауға келетін сала - ол жеңіл өнеркәсіп болды. ЖҚҚ орташа өсімі 11.4%, -ды құрады. Бұл еліміз бойынша Жалпы Ішкі өнімнің орташа өсімінен 0.3 пайыздық тармаққа төмен. Негізгі үлес тоқыма бұйымдары өндірісіне тиесілі: 2020 жылы оның өнімдерінің үлесі ішкі сектордың ЖҚҚ көлемінің 46.8%-ын құрады. Өнімнің негізгі құраушы бөлігі еңбекақы төлеу жүйесі болды. 2020 жылы бұл компоненттің көлемі 19.6 млрд теңгені құрады.


3 кесте: Жалпы қосылған құнның өсімі, %

Ішкі сектор	Өсім серпіні	Бета коэффициент	Балл
Металл кендері		0.2	0.3
Көмір		0.6	0.3
Өзге пайдалы қазбалар		0.7	0.3
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		1.4	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		4.2	0.1
Кен өндіру секторы		3.1	
Жеңіл өнеркәсіп		0.0	0.3
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		0.0	0.3
Сусындар		0.2	0.3
Дайын металл өнімдері		0.2	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		0.2	0.3
Жиһаз		0.2	0.3
Металлургиялық өндіріс		0.3	0.3
Басқа да дайын бұйымдар		0.4	0.3
Резеңке және пластмасса бұйымдары		0.5	0.3
Химия өнеркәсібі		0.7	0.3
Тамақ өнімдері		0.8	0.3
Фармацевтика		0.9	0.3
Қағаз және қағаз өнімдері		1.1	0.2
Басқа да металл емес минералды өнімдер		1.2	0.2
Полиграфиялық қызмет		1.7	0.2
Машина жасау		2.1	0.1
Темекі бұйымдары		6.5	0.1
Өңдеуші сектор		0.4	


Бұл өлшемшартта балл тиісті сектордың көрсеткішіне қарамастан, Бета-коэффициенттің мәні бойынша беріледі:
3 балл: Бета-коэффициент <= 1
2 балл: 1 < Бета-коэффициент <= 2
1 балл: Бета-коэффициент > 2

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

**Прирост ВДС, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



№3 Инвестициялық белсенділік

Компанияның инвестициялық белсенділігі қандай экономикалық ахуал туындамасын, болашаққа деген сенімділіктің көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар өндірістік әлеуетінің және болашақта бизнесті дамытуға мүмкіндіктің бар екендігін білдіреді. Коэффициент ретінде біз негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімін пайдаландық. Бұл инвестиция кәсіпорындардың күрделі шығындарының шамасын айқындайды. Әрбір ішкі секторда капиталды қажет етудің белгілі бір деңгейі болатындықтан, біз оның базалық мәндеріне қатысты көрсеткіштің өсімін негізге алдық. Өсімнің жоғары мәні өндірісте қолданылатын негізгі құралдарды көбейтуден немесе сапалы түрде жақсартудан қосымша пайда түсіру мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Инвестиция өсімінің коэффициентін ішкі сектордың стандартты қаржы сиымдылығы деңгейіне байланыстырмай қарайтын болсақ, ол ағымдағы инвестициялық белсенділіктің, экономикалық жағдайдың жақсаруы немесе нашарлауына қатысты бизнестік болжамның, сондай-ақ пайданы қосымша ұлғайту факторларының көрсеткіші қызметін атқарады.

Бастапқы секторда басқа да пайдалы қазбаларды өндіру жұмысы ең жоғары инвестициялық тартымдылыққа ие.

Талдауға алынған кезеңде инвестицияның орташа көлемі 30.7 млрд теңге көлемінде немесе тау-кен өндіру секторы бойынша орташа мәннің 0.6%-ы деңгейінде қалыптасты. Ішкі сектордың негізгі драйвері қиыршықтасты және құмды карьераны игеру саласы болып шықты. Орташа салмағы ішкі сектордың 59.4%-ын құрады.

Екінші деңгейдегі секторда ең тартымды бизнес - басқа да дайын бұйымдар өндірісі болды.


Инвестицияның негізгі көлемі медициналық және стоматологиялық құрал-саймандар мен керек-жарақтар сегментіне жұмсалды. 2020 жылы бұл нарық өзіне 2.8 млрд теңге инвестиция тартты. Бұл ішкі секторға салынған жалпы инвестицияның 60.2%-ын құрады.

4 кесте: Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Орташа өсім	Балл
Өзге пайдалы қазбалар		43.9	0.2
Металл кендері		22.3	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		18.5	0.2
Көмір		15.8	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		-29.5	-
Кен өндіру секторы		16.5	
Басқа да дайын бұйымдар		124.0	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		108.3	0.3
Химия өнеркәсібі		85.8	0.3
Фармацевтика		26.0	0.2
Металлургиялық өндіріс		25.1	0.2
Резеңке және пластмасса бұйымдары		19.9	0.2
Темекі бұйымдары		13.8	0.2
Машина жасау		13.4	0.2
Сусындар		10.2	0.2
Жеңіл өнеркәсіп		9.5	0.2
Тамақ өнімдері		6.7	0.2
Басқа да металл емес минералды өнімдер		-3.1	-
Дайын металл өнімдері		-3.8	-
Полиграфиялық қызмет		-18.4	-
Жиһаз		-21.0	-
Қағаз және қағаз өнімдері		-26.3	-
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		-33.4	-
Өңдеуші сектор		4.6	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics ецентері

**Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



№4 Табыстылық

Табыстылық өлшемшарты жалпы ішкі сектордың өндірісті және бизнесті жүргізудегі тартымдылығын көрсетеді.

Табыстылықтың сипаты (коэффициенті) ретінде біз таза пайданың маржасын: таза пайданың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табысқа арақатынасын қолдандық. Коэффициенттің жоғары мәні кәсіпорынның айналым қаражатын ұлғайту немесе оны өндіріске қайта инвестициялау үшін жоғары табысты пайдалануы мүмкін екендігін білдіреді. Таза пайданың жоғары маржасы кәсіпорынның коммерциялық қызметінің тиімділігі жоғары екендігін, нарықтың ағымдағы және жаңа қатысушылары үшін ішкі сектордың тартымдылығын көрсетеді.

Табыстылығы бойынша металл кендерін өндіру жұмысы бастапқы сектордың көш басына көтерілді. 2020 жылы таза пайда 967.2 млрд теңгеге жетіп, шикізатты сатудан түскен жалпы табыстың 30.4%-ын құрады. Талданып жатқан кезең бойынша негізгі драйвер уран және торий кендерін өндіру жұмыстары болды.


Екінші деңгейдегі секторда ең тиімді, ең пайдалы бағыт - фармацевтика өндірісі болып шықты. 2020 жылы таза пайда көлемі 41.9 млрд теңге көлемінде қалыптасты. Бұл бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 48.2%-ға жоғары. Бұл ретте сату көлемінің өсімі 35.1%-ды құрады. Табыстылықтың негізгі драйвері негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі болып шықты. Бұл өнімнің үлесі ішкі сектордағы сатылым көлемінің 27.5%-ын құрады. Бұл бұрнағы жылмен салыстырғанда 18.0 п.т.-қа жоғары.

5 кесте: Таза пайданың маржасы, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя маржа	Балл
Металл кендері		38.2	0.3
Шикі мұнай және табиғи газ		25.1	0.1
Көмір		17.3	0.1
Өзге пайдалы қазбалар		8.1	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		2.6	0.1
Кен өндіру секторы		26.3	
Фармацевтика		16.8	0.3
Металлургиялық өндіріс		16.7	0.3
Темекі бұйымдары		13.0	0.3
Басқа да дайын бұйымдар		10.9	0.2
Полиграфиялық қызмет		8.7	0.1
Қағаз және қағаз өнімдері		8.3	0.1
Дайын металл өнімдері		6.3	0.1
Жеңіл өнеркәсіп		5.9	0.1
Химия өнеркәсібі		5.9	0.1
Машина жасау		5.5	0.1
Ағаш және тығын бұйымдары		5.5	0.1
Сусындар		5.4	0.1
Резеңке және пластмасса бұйымдары		5.4	0.1
Жиһаз		4.9	0.1
Басқа да металл емес минералды өнімдер		4.7	0.1
Тамақ өнімдері		3.5	0.1
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		-1.6	-
Өңдеуші сектор		4.6	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептемі

**Таза пайданың маржасы, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



№5 Борыштық жүктеме

Борыштық жүктеменің өлшемшарты компанияның қарыз ақшаларға тәуелділігін көрсетеді және сондай-ақ тиісті ішкі секторлардың қаржылық тұрақтылығын паш етеді. Коэффициент ретінде қарыз қаражаттың негізгі капиталдағы үлесі қолданылды. Борыштық жүктеменің төмен болуы әр түрлі түсінік қалыптастыруы мүмкін - бір жағынан кәсіпорынның даму келешегі бұлыңғыр, бизнесті кеңейту мүмкіндігі жоқ немесе арзан қарыз ақшаларға қол жеткізе алмайды. Екінші жағынан елдің экономикалық ахуалы нашарлаған жағдайда қарызы аз кәсіпорын пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгерістерінен, қаржы секторының дағдарасынан және кредиттерді беру қарқынының төмендегенінен анау айтқандай зардап шеге қоймайды.

Демек борыштық жүктеменің төмен деңгейі - бұл оң, жағымды фактор.

Көмір өндіру бастапқы секторда борыштық жүктеменің ең төмен деңгейін көрсетті. Тас көмір өндіру нарығы негізгі драйверге айналды. Инвестицияның осы секторға орташа салыну үлесі ішкі сектордың жалпы деңгейінің 95.8%-ын құрады. Бұл ретте 2020 жылды қоспағанда, негізгі капиталға инвестиция жұмсау меншікті қаражат есебінен қаржыландырылды. Бұл кезеңде қарыз қаражаттың үлесі 0.3%-ды құрады.


Екінші деңгейдегі секторда көш басына темекі бұйымдары өндірісі көтерілді. Кәсіпорындар негізгі құралдарды қаржыландыруға қарыз ақшаны қолданбады. 2020 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция 10.2 млрд теңге көлемінде қалыптасып, бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 14.4%-ға жоғары болды.

6 кесте: Негізгі капиталды қаржыландыруға жұмсалған қарыз ақшаның үлесі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя доля	Балл
Көмір		0.1	0.3
Шикі мұнай және табиғи газ		2.3	0.2
Металл кендері		5.2	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		7.9	0.1
Өзге пайдалы қазбалар		7.9	0.1
Кен өндіру секторы		2.8	
Темекі бұйымдары		0.0	0.3
Басқа да дайын бұйымдар		1.6	0.3
Полиграфиялық қызмет		3.0	0.3
Сусындар		6.8	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		8.5	0.3
Қағаз және қағаз өнімдері		8.9	0.3
Металлургиялық өндіріс		10.3	0.3
Жеңіл өнеркәсіп		16.6	0.3
Жиһаз		17.3	0.3
Дайын металл өнімдері		17.5	0.3
Фармацевтика		20.3	0.3
Машина жасау		22.7	0.3
Резеңке және пластмасса бұйымдары		23.3	0.3
Басқа да металл емес минералды өнімдер		33.1	0.2
Тамақ өнімдері		35.4	0.2
Химия өнеркәсібі		42.8	0.1
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		59.5	0.1
Өңдеуші сектор		37.6	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептегі

Негізгі капиталды қаржыландыруға жұмсалған қарыз ақшаның үлесі, %
Бастпақы сектор



Екінші деңгейдегі сектор



Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

№6 Импортпен бәсекелесу

Импортпен бәсекелесу жергілікті өндірушілердің ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ өнеркәсіптің нарықтық жағдайын әрі қарай дамыту мүмкіндігін көрсетеді. Бұл өлшемшарт бойынша тұтынушылардың отандық өндірістің өнімдерін таңдау жағына көңіл бөлінеді. Коэффициент ретінде біз тұтыну сұранысында импорттық өнімдердің үлесін пайдаландық. Коэффициенттің төмен болғандығы тұтынушылардың сұранысы негізінен отандық өнімдермен қанағаттандырылып жатқандығын көрсетеді. Бұл сондай-ақ жергілікті өндірушілердің шетелдік кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігі жоғары екендігін білдіреді. Тұтынушылардың сұранысында отандық өнімдердің басымдыққа ие болуы ішкі нарықты қамту деңгейін, сондай-ақ өндірістік базаны кеңейту мүмкіндігі бар екендігін білдіреді.

Бастапқы секторда металл кендерін өндіру импортқа қарсы бәсекелестіктің ең жоғарғы деңгейін көрсетті. Талдауға алынған кезеңде өнімдерді импорттау нөлдік деңгейде болды. Яғни импорттау болған жоқ. Бұл өнімнің бастапқы тауар екендігіне және оған деген сұраныс негізінен екінші деңгейдегі сектор тарапынан түсетіндігіне байланысты. 2020 жылы шикізат импортының үлесі 7.5%-ды құрады. Бұл бұрнағы жылмен салыстырғанда 0.6 п.т.-қа аз.


Екінші деңгейдегі секторда полиграфиялық қызмет бірінші орынға көтерілді. Сонымен қатар түпкілікті өнімді экономиканың отандық өнімдерге басымдық беретін салалары пайдаланды. 2020 жылы импорттың үлесі 1.6%-ды құрады. Бұл бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 0.2 п.т.-қа жоғары.

7 кесте: Тұтыну сұранысында импорттың алар үлесі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя доля	Балл
Металл кендері		0.0	0.3
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		0.0	0.3
Өзге пайдалы қазбалар		0.3	0.2
Көмір		1.3	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		1.6	0.1
Кен өндіру секторы		1.4	
Полиграфиялық қызмет		0.0	0.3
Металлургиялық өндіріс		1.2	0.3
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		5.5	0.3
Сусындар		12.6	0.3
Тамақ өнімдері		32.8	0.3
Темекі бұйымдары		34.0	0.3
Басқа да металл емес минералды өнімдер		35.7	0.3
Химия өнеркәсібі		47.5	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		49.4	0.1
Жиһаз		71.7	0.1
Фармацевтика		72.5	0.1
Резеңке және пластмасса бұйымдары		73.2	0.1
Дайын металл өнімдері		79.6	0.1
Машина жасау		85.2	0.1
Жеңіл өнеркәсіп		87.3	0.1
Қағаз және қағаз өнімдері		89.0	0.1
Басқа да дайын бұйымдар		91.6	0.1
Өңдеуші сектор		48.9	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептемі

**Тұтыну сұранысында импорттың алар үлесі, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

№7 Шикізат жағынан импортқа тәуелділік

Шикізат бойынша импортқа тәуелділік отандық өндірушілердің шетелдік жеткізушілермен және сыртқы сауда жағдайларымен өзара әрекеттесуі барысында үлкен тәуекел, қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін екендігін көрсетеді. Шикізат бойынша импортқа тәуелділікті белгілеу үшін біз өндіріс процесіне қолданылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үлесін қолдандық. Коэффициенттің төмен көрсеткіші жергілікті өндірушілердің негізінен отандық шикізаттарға басымдық беретіндігін көрсетеді. Осылайша өндірісте отандық шикізаттарды пайдаланатын өндірушілеріміз сыртқы экономикалық жағдайлардан, шетелдік жеткізушілер және бағамдық саясат тарапынан зардап шекпейді. Олар үшін негізгі фактор - ішкі экономиканың дамуы барысы және инфляцияның әсері. Сәйкесінше импорттық шикізатқа тәуелділігі төмен ішкі секторлар тұрақты дамуға бейім келеді және олардың даму келешегі болжауға келеді.

Бастапқы секторда басқа да пайдалы қазбалар өндірісі өзінің шикізат бойынша импортқа тәуелділігі төмен екендігін көрсетті. 2020 жылы импорттың үлесі 12.9%-ды құрады. Бұл бұрнағы жылмен салыстырғанда 0.1 п.т-қа жоғары. Негізгі импортталатын тауар - жалпы мақсаттағы машиналар болды. 2020 жылы бұл өнімнің үлесі импорттың жалпы көлемінің 20.9%-ын құрады.


Екінші деңгейдегі секторда көш басына шыққан өндіріс - химия өнеркәсібі болды. Шикізаттарды импорттаудың орташа үлесі 7.2% деңгейінде қалыптасты. Өндірушілер қолданатын негізгі өнімдер металл кендері. 2020 жылы бұл өнімнің үлесі импорттың жалпы көлемінде 28.8%-ды құрады. Бұл бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 9.5 п.т.-қа жоғары.

8 кесте: Өндіріс үдерісінде қолданылған импорттың үлесі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя доля	Балл
Өзге пайдалы қазбалар		13.7	0.3
Шикі мұнай және табиғи газ		15.6	0.3
Металл кендері		21.4	0.1
Көмір		25.0	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		36.4	0.1
Кен өндіру секторы		18.6	
Химия өнеркәсібі		7.2	0.3
Металлургиялық өндіріс		8.4	0.3
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		8.9	0.3
Тамақ өнімдері		10.7	0.3
Қағаз және қағаз өнімдері		12.5	0.2
Басқа да металл емес минералды өнімдер		14.7	0.1
Дайын металл өнімдері		15.3	0.1
Машина жасау		19.7	0.1
Жеңіл өнеркәсіп		24.5	0.1
Басқа да дайын бұйымдар		31.7	0.1
Сусындар		38.0	0.1
Ағаш және тығын бұйымдары		43.8	0.1
Резеңке және пластмасса бұйымдары		46.4	0.1
Фармацевтика		54.3	0.1
Полиграфиялық қызмет		54.6	0.1
Темекі бұйымдары		58.9	0.1
Жиһаз		61.6	0.1
Өңдеуші сектор		13.7	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептегі

Өндіріс үдерісінде қолданылған импорттың үлесі, % Бастпақы сектор



Екінші деңгейдегі сектор



№8 Операциялық тиімділік

Операциялық тиімділік қолжетімді өндірістік қуаттарды қолдану дәрежесі мен жұмысбастылықтың көрсеткіші қызметін атқарады.

Коэффициент ретінде біз мамандандырылған қуаттарды қолданудың орташа үлесін: нақты шығарылған өнімдердің орташа жылдық қуаттарға арақатынасын алдық. Мамандандырылған қуаттарды қолданудың жоғары үлесі ағымдағы өндірістік ресурстардың тиімді қолданылып жатқандығын білдіреді. Бұл ретте түпкілікті өнімдердің қосымша бірліктерін өндіруде кейінгі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Жоғары операциялық тиімділік жоғары кезде өндірушілерде түпкілікті тауар бағасын азайтау арқылы клиенттік базаны кеңейтуге мүмкіндіктер пайда болады. Бұл түптеп келгенде ішкі сектордың дамуының жалпы көрсеткіштерін өсіруге септігін тигізе алады.

Бастпақы секторда шикі мұнай мен табиғи газды өндіру өндірісі операциялық тиімділіктің ең жоғары деңгейін көрсетті. Ішкі сектордың драйвері - газ конденсаты өндірісі болып шықты. 2020 жылы аталмыш өнім 12 185.2 мың тонна көлемінде шығарылды. Орташа жылдық қуаттарды қолдану 98.3%-ды құрады. Бұл бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 0.1 п.т.-қа аз.

Екінші дәрежелі секторда көш басына кокс және мұнай өңдеу өнімдері өндірісі шықты. Мұнай және дизель отынын өндірудің арқасында ішкі секторда жоғары операциялық тиімділікке қол жеткізілді. Бұл өнімдердің орташа шығарылымы 13 323.1 мың тоннаны, ал орташа жылдық қуатты пайдалану деңгейі - 66.7%-ды құрады.


9 кесте: Мамандандырылған орташа жылдық қуаттарды пайдалану, %

Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя доля	Балл
Шикі мұнай және табиғи газ		83.2	0.3
Көмір		72.3	0.3
Металл кендері		66.3	0.3
Өзге пайдалы қазбалар		38.6	0.1
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		д/о*	-
Кен өндіру секторы		65.1	
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		62.9	0.3
Металлургиялық өндіріс		61.5	0.3
Темекі бұйымдары		60.1	0.3
Қағаз және қағаз өнімдері		59.1	0.3
Басқа да металл емес минералды өнімдер		57.1	0.3
Сусындар		50.3	0.3
Тамақ өнімдері		45.0	0.1
Машина жасау		43.1	0.1
Химия өнеркәсібі		39.4	0.1
Резеңке және пластмасса бұйымдары		37.5	0.1
Жеңіл өнеркәсіп		37.4	0.1
Фармацевтика		32.6	0.1
Дайын металл өнімдері		30.9	0.1
Ағаш және тығын бұйымдары		14.2	0.1
Полиграфиялық қызмет		д/о	-
Жиһаз		д/о	-
Басқа да дайын бұйымдар		д/о	-
Өңдеуші сектор		45.1	


* Деректер жоқ

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

**Мамандандырылған орташа жылдық қуаттарды пайдалану, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

№9 Өзіндік құн инфляциясы

Өзіндік құн инфляциясы отандық өндірушілердің ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің индикаторы қызметін атқарады. Өзінді құн инфляциясын белгілеу үшін біз өнеркәсіптік өнімдерді өндіруші кәсіпорындар бағаларының өсімін қолдандық. Бұл көрсеткіш өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірген дайын өнімдер бағасының өзгеруін бейнелейді. Бағалар өсімінің төмен деңгейі компанияның өз шығындарын өнімнің бағасына немесе өнімге жұмсалатын тұрақты шығындар деңгейіне енгізбей-ақ басқара алу қабілетін көрсетеді. Өндіруші кәсіпорындар өнімдері бағасының тұрақтылығы және өсімінің төмендігі отандық өндірушілердің импорттық балама өнімдермен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Ал көрсеткіштің өсуі керісінше отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соғады және ел ішінде өндірілетін өнімдерге сұраныстың азаятындығын білдіреді.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер бастапқы секторда өзіндік құн инфляциясының ең төмен деңгейін көрсетті.

Негізгі драйвер - мұнай және табиғи газ өндіруге көмектесетін қызметтерді ұсыну нарығы болып шықты. 2020 жылы бұл нарықтың өзіндік құн инфляциясы 2.8%-ды құрап, бұрнағы кезеңмен салыстырғанда 2.4 п.т.-қа жоғары болды.


Екінші деңгейдегі секторда көшбасшы жеңіл өнеркәсіп болып шықты. Былғары және соған қатысты өнімдер өндірісі ішкі секторда өзіндік құн инфляциясының ең төмен көрсеткішіне ие. Бұл нарықта 2018 және 2019 жылдары сәйкесінше 1.0% және 1.3% көлемінде дезинфляция байқалды. 2020 жылы өзіндік құн инфляциясы 0.2% деңгейінде тұрақтады.

10 кесте: Өнеркәсіптік өнімдер өндіруші кәсіпорындардағы баға өсімі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Орташа өсім	Балл
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		1.4	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		4.9	0.2
Өзге пайдалы қазбалар		5.8	0.2
Көмір		8.9	0.1
Металл кендері		9.5	0.1
Кен өндіру секторы		5.2	
Жеңіл өнеркәсіп		0.9	0.3
Фармацевтика		1.0	0.3
Жиһаз		1.0	0.3
Резеңке және пластмасса бұйымдары		2.5	0.3
Сусындар		3.7	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		4.0	0.3
Полиграфиялық қызмет		4.1	0.3
Басқа да металл емес минералды өнімдер		5.2	0.2
Дайын металл өнімдері		5.3	0.2
Химия өнеркәсібі		6.1	0.2
Металлургиялық өндіріс		7.2	0.1
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		7.2	0.1
Машина жасау		7.6	0.1
Тамақ өнімдері		7.7	0.1
Қағаз және қағаз өнімдері		9.7	0.1
Темекі бұйымдары		11.5	0.1
Басқа да дайын бұйымдар		д/о	-
Өңдеуші сектор		6.7	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептемі

Өнеркәсіптік өнімдер өндіруші кәсіпорындардағы баға өсімі, % Бастпақы сектор



Екінші деңгейдегі сектор



№10 Экспортқа бағдарлану

Экспортқа бағдарлану сыртқы сауда арналары арқылы басқа елдерге бағытталған өнімдердің көлемін көрсетеді.

Коэффициент ретінде біз тұтынушылық сұраныстағы экспорттың үлесін қолдандық. Кәсіпорынның өндірген түпкі өнімін экспорттаудың жоғары деңгейде болуы шетелдік тұтынушылар тарапынан отандық өнімге деген сұраныстың жоғары екендігін көрсетеді. Сонымен экспорттың алар үлесінің жоғары болуы отандық өндіріс тауарларының сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті екендігін білдіреді. Экспортқа бағдарланған кәсіпорындар бизнесті тиімді түрде әртараптандыруға бейім келеді. Сөйтіп сыртқы клиенттік базаны кеңейтіп, ішкі нарықтағы сұраныстың күтпеген жағдайда төмендеп кетуінен сақтанады. Экспортқа бағдарланған компаниялардың бір артықшылығы сол, олар валюталық түсімге қол жеткізе алады. Бұл қосымша пайданы қамтамасыз етеді және компанияны ел ішінде бағамдық ауытқулардан қорғайды.

Бастапқы секторда тау-кен өндіруші кәсіпорында қызмет көрсету бойынша ішкі сектор көш басына көтерілді. Талдауға алынған кезеңде экспорттың орташа үлесі 100%-ды құрады. 2020 жылы экспорт көлемі 2.2 млрд теңгеге дейін айрықша өсті. Салыстырып қарайтын болсақ, 2018 және 2019 жылдары бұл көрсеткіш сәйкесінше 0.3 және 0.1 млрд теңгені құраған болатын.


Екінші деңгейдегі секторда кокс және мұнай өндіру өнімдері ең үлкен үлесті көрсетті. Тұтынушылық сұраныста экспорттың орташа үлесі 100%-дан асты. Бұл сыртқы сұранысты қамтамасыз ету үшін кәсіпорындардың материалдық және айналым қаражаты қорының көп бөлігін пайдаланғандығына байланысты болды. Экспортта запастардың орташа үлесі 36.7%-ды құрады.

11 кесте: Тұтыну сұранысында экспорттың алар үлесі, %


Ішкі сектор	Өсім серпіні	Средняя доля	Балл
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер		100.0	0.2
Шикі мұнай және табиғи газ		96.2	0.2
Металл кендері		77.6	0.1
Өзге пайдалы қазбалар		73.7	0.1
Көмір		41.6	0.1
Кен өндіру секторы		92.6	
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері		108.4	0.3
Полиграфиялық қызмет		100.0	0.3
Металлургиялық өндіріс		68.6	0.3
Химия өнеркәсібі		51.5	0.3
Ағаш және тығын бұйымдары		39.4	0.3
Басқа да металл емес минералды өнімдер		35.3	0.3
Тамақ өнімдері		13.9	0.1
Қағаз және қағаз өнімдері		12.9	0.1
Резеңке және пластмасса бұйымдары		12.2	0.1
Басқа да дайын бұйымдар		9.2	0.1
Темекі бұйымдары		8.1	0.1
Дайын металл өнімдері		6.0	0.1
Машина жасау		5.5	0.1
Жеңіл өнеркәсіп		5.0	0.1
Фармацевтика		3.5	0.1
Сусындар		2.3	0.1
Жиһаз		1.4	0.1
Өңдеуші сектор		25.3	

Дереккөз: ҰСБ, Jusan Analytics есептері

**Тұтыну сұранысында экспорттың алар үлесі, %
Бастпақы сектор**



Екінші деңгейдегі сектор



Негізгі тұжырымдар

Біздің скоринг өнеркәсіп саласының негізгі драйверлерін анықтады. Бастапқы секторда ең тұрақты ішкі сектор - металл кендерін өндіру болып шықты: дамуды болжауға болатындығы, табыстылығы, импортпен бәсекеге қабілеттілігі және операциялық тиімділігі бойынша көрсеткіштер жоғары. Екінші деңгейдегі секторда негізгі драйвер металлургия өндірісі екен: оның артықшылықтары табыстылығы, борыштық жүктемесі, импортпен бәсекелестігі және операциялық тиімділігі арқылы анықталды. Металл кендерін өндіруді және металлургия өндірісін әрі қарай дамытуды жалғастыру - өнеркәсіп саласының жалпы көрсеткіштерінің өсуіне ықпал етеді.

12 кесте: Секторларды бағалау нәтижелері

Ішкі сектор	Өлшемшарттар										Жалпы балл
	Даму үрдісі	Дамудың болжамдығы	Инвестициялық белсенділік	Табыстылық	Борыштық жүктеме	Импортпен бәсекелесу тәуелділік	Шикізат жағынан импортқа	Операциялық тиімділік	Өзіндік құн инфляциясы	Экспортқа бағдарлану	
Металл кендері	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Grey	Orange	Grey	Grey	2.0
Көмір	Orange	Orange	Grey	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Grey	Grey	1.8
Өзге пайдалы қазбалар	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Grey	Grey	1.8
Шикі мұнай және табиғи газ	Grey	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	1.8
Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер	Grey	Orange	Grey	Grey	Orange	Grey	Grey	Orange	Orange	Orange	1.3
Металлургиялық өндіріс	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	2.5
Химия өнеркәсібі	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	2.2
Сусындар	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	2.2
Темекі бұйымдары	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Grey	2.1
Фармацевтика	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Grey	2.1
Ағаш және тығын бұйымдары	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	2.0
Басқа да металл емес минералды өнімдер	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	1.9
Тамақ өнімдері	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Grey	Grey	1.8
Жеңіл өнеркәсіп	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Grey	1.8
Кокс және мұнай өңдеу өнімдері	Grey	Orange	Grey	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	1.8
Режеңке және пластмасса бұйымдары	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	1.7
Басқа да дайын бұйымдар	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Grey	1.7
Полиграфиялық қызмет	Grey	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	1.7
Машина жасау	Orange	Grey	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	1.5
Қағаз және қағаз өнімдері	Grey	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Orange	Grey	1.5
Жиһаз	Grey	Orange	Grey	Orange	Grey	Grey	Orange	Orange	Orange	Grey	1.4
Дайын металл өнімдері	Grey	Orange	Grey	Orange	Orange	Grey	Orange	Orange	Orange	Grey	1.4

Біз өнеркәсіп саласының тұрақтылығы төмен ішкі секторларын анықтадық. Бастапқы секторда аутсайдерге айналған ішкі сектор - тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер. Екінші деңгейдегі секторда - дайын металл бұйымдарын өндіру бойынша ішкі сектор. Осы ішкі секторларды дамыту - өнеркәсіп саласы шығарылымдарының жалпы деңгейін және жалпы өнеркәсіп секторының даму көрсеткіштерін арттыруға септігін тигізеді.

Jusan Analytics секторлар скорингі

Ішкі секторлардың артық тұстары

Бастпақы сектор

Металл кендері

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Табыстылық
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Операциялық тиімділік

Өзге пайдалы қазбалар

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік

Полиграфиялық қызмет

- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Басқа да дайын бұйымдар

- ✓ Даму үрдісі
- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Инвестициялық белсенділік
- ✓ Борыштық жүктеме

Фармацевтика

- ✓ Даму үрдісі
- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Табыстылық
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы

Басқа да металл емес минералды өнімдер

- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Операциялық тиімділік
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Дайын металл өнімдері

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме

Көмір

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Операциялық тиімділік

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсетілетін қызметтер

- ✓ Импортпен бәсекелесу

Темекі бұйымдары

- ✓ Даму үрдісі
- ✓ Табыстылық
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Операциялық тиімділік

Химия өнеркәсібі

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Инвестициялық белсенділік
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Жеңіл өнеркәсіп

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы

Кокс және мұнай өңдеу өнімдері

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік
- ✓ Операциялық тиімділік
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Резеңке және пластмасса бұйымдары

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы

Қағаз және қағаз өнімдері

- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Операциялық тиімділік

Шикі мұнай және табиғи газ

- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік
- ✓ Операциялық тиімділік

Ағаш және тығын бұйымдары

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Инвестициялық белсенділік
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Металлургиялық өндіріс

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Табыстылық
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік
- ✓ Операциялық тиімділік
- ✓ Экспортқа бағдарлану

Жиһаз

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы

Сусындар

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Борыштық жүктеме
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Операциялық тиімділік
- ✓ Өзіндік құн инфляциясы

Тамақ өнімдері

- ✓ Дамудың болжамдығы
- ✓ Импортпен бәсекелесу
- ✓ Шикізат бойынша импортқа тәуелділік

Машина жасау

- ✓ Даму үрдісі
- ✓ Борыштық жүктеме

Екінші деңгейдегі сектор

Автор: Каиржан Алдабергенов (K.aldabergenpv@jusan.kz)

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz

Жауапкершіліктің шектелуі:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Аталмыш материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз. Біз оқырмандардың дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін жауапты болмаймыз.

«Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.